



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Бәрекедді!

Төрт жолақты жол құрылысы басталды

Апта ішінде аймақ халқы үшін жағымды жаңалық болды. Сырдың бас шаһары Қызылордадан батысқа қарай апаратын халықаралық жол мәселесі түпкілікті шешілгендей. Иә, сәрсенбінің сәтті күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев және облыстық мәслихат депутаттары мен зиялы қауымның қатысуымен «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автожолының Қызылорда-Ақтөбе бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы бастау алды.



Рас, бұдан үш жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев облысқа арнайы жұмыс сапарымен келгенде аймақ басшысы дәл осы жол мәселесін ашып жеткізген еді. Сол сапарда Президент бұл жұмыстарды жедел бастауды Үкіметке тапсырғанын білеміз. Екі жолақты жол құрылысын қайта салып, кеңіту жайын Президент Ақмешіт төрінде өткен Ұлттық құрылтайда да тағы пысықтағаны белгілі. Аталған ірі инфрақұрылымды жүргізуге техника-экономикалық негіздеме дайындалып, 487 шақырым жолға мемлекеттік сараптамадан оқ қорытынды алынды.

Салтанатты рәсімде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиналған жұртты республикалық маңызы бар автомобиль жолы құрылысының басталуымен құттықтап, жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Биыл – еліміз, өңіріміз үшін тарихи маңызды жыл. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы қаламызда өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды бөлімінде отырысында «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғын дарымыздың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бірқатар жаңа ірі жобаның жүзеге асырылатынын, оның ішінде «Бейнеу-Сексеуіл» бағытындағы жол құрылысы биыл қолға алынатынын, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автожолының Қызылорда-Ақтөбе

бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы басталатынын айтты.

Президентіміз «Жер көлемі жөнінен өлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің, жалпы көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт» деген болатын. Осы мақсатта өңірімізде белсенді жұмыстар атқарылуда. Мемлекет басшысы мен Үкіметтің ерекше қолдауымен 2022-2025 жылдары аймағымыздағы 1 600 шақырым автомобиль жолы мен көшелерді, 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 150 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 95 пайызға жетті. Биыл да жол инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 56 жобаға бюджеттен 37 млрд 845 млн теңге қаралған. Бұл қаржыға 136 шақырым жол мен көпір өткелдері жөндеуден өтеді.

Өздеріңізбен бірге аймағымыз үшін маңызы зор жобалардың бірі Қызылорда-Ақтөбе бағытындағы жолды төрт жолақтыға кеңейтудің бірінші кезеңін бастаймыз. Құрылысы басталғалы тұрған автожол өңірдің өркендеуіне, халық игілігіне қызмет ететін маңызды көлік дәлізіне айналсын! Жүргізушілер мен жолаушыларға әрдайым ақ жол, сәт сапар тілейміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жол құрылысын ашу шарасында «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев та ізгі тілегін жеткізіп, Сыр жұртын құттықтады.

– Өздеріңізге белгілі, өткен жылдың аяғына таман «Қызылорда-Жезқазған» жолының осы аймақтағы бөлігінің ашылуында кездесіп, үлкен қуанышты бөліскен едік. Қазір де Сыр өлінде басталғалы тұрған ірі жобаның басында тұрмыз. Осы Қызылорда мен Ақтөбе арасындағы төрт жолақты жолдың ұзақтығы 1100 шақырымды құрайды. Құрылыс төрт жобадан тұрады. Олар – «Қызылорда айналма жолы», «Қызылорда-Сексеуіл», «Сексеуіл-Ұлғайсын» және «Ұлғайсын-Ақтөбе» нысандары. Айта кетейін, Ақтөбе қаласынан бері қарай жол салу жұмысы алдағы бір айда басталуы кетеді. Екінші бір қуанышты жаңалық, бұрын болмаған «Бейнеу-Сексеуіл» автожолының құрылысы. Бұл

«Қазақстан тарихындағы ең алғашқы жоба, яғни 559 шақырымдық жаңа жол еліміздегі тың құрылыс саналады. Жалпы біздің ұлттық компания осы жылы Президент тапсырмасымен республикада 3400 шақырым жол құрылыс жүргізеді. Бұған 5 трлн теңге қаражат бөлінбек. Оның 300 пайызы Қызылорда облысына тиесілі, – деді Дархан Иманашев.

Айта кету керек, Қызылорда-Ақтөбе бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жо-

басы біздің өңірде екі кезеңмен жүреді. Алғашқысы – 26 шақырымдық Қызылорда қаласының айналма жолын салу. Облыстық жолаушылар келіпі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Жәнібек Сыздықов аталған жолға 46 млрд теңге қаржы қаралғанын айтады. Ал мердігер мекеме – жергілікті «Қыран» компаниясы. Екінші кезең – Қызылорда қаласынан басталып, Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарының сыртымен айналып өтіп, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне қосылатын 462 шақырымдық жол. Мұның қаржысы 880 млрд теңгеге жуықтайды. Ал қос облыс арасындағы құрылысты 2028 жылдың соңында аяқтау мөжеленген.

Сонымен қатар жаңа автожол бойына жаңадан 11 көпір, 13 жол өткелі, 62 үй жануарларына арналған өткел мен 399 су өткізгіш құбыр салынады. Әдеттегідей, жолаушылар мен жүргізушілерге арналған заманауи сервистік қызмет көрсететін кешендер бой көтеріп, шағын және орта бизнес дамиды. Бұл – тек Қызылорда облысы ғана емес, ел бойынша жүк тасымалы мен көлік қозғалысын жеделдетін жоба болып отырғаны анық.

Ержан БЕКМЫРЗА,
Б.ЕСЖАНОВ (сурет)

Әлем жаңалықтары

Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханның 160 жылдығына орай Мәскеудегі Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіндегі Қазақстан павильонына ұлт қайраткерінің бюсті орнатылды. Қазақстанның Ресейдегі елшісі Дәурен Абаев Әлихан Бөкейханның Бірінші Мемлекеттік дума депутаты болғанын алға тартып, Алаш қайраткерінің бюсті Ресей мен Қазақстан халықтарының ортақ тарихына қосқан үлесіне құрмет ретінде қойылғанын айтты. Сонымен қатар елші Әлиханның мұрасы бүгінде екі ел арасындағы стратегиялық әріптестік қағидаттарында көрініс тауып жатқанын да тілге тиек етті. Сондай-ақ қайраткердің бюстін орнатуға бастамашы кәсіпкер Жанболат Надырұзақ алғысын жеткізді.

Әлихан бюсті ашылды



Өз кезегінде Жанболат Надырұзақ Әлихан Бөкейхановтің өмірі мен қызметін әрдайым үлгі тұтатынын айта келіп, Алаш көшбасшысына ескерткіш орнатудың маңызды екеніне тоқталды. Оның айтуынша, енді Мәскеуге келген меймандар Мәскеудегі Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіндегі Қазақстан павильонына барып, Әлихан бюстін көре алады. Ал аталған павильонның басшысы Тамара Бабакова көрмеге келушілердің көп екенін атап өтіп, бюсті көруге келетіндер қатары арта түсетінін жеткізді.

Сонымен қатар бюстің ашылуына Әлихан Бөкейхановтің немересі, профессор Нұрым Бөкейханов та қатысты. Ол атасының ел үшін орасан зор еңбек сіңіргенін айта келіп «Әлихан Бөкейхановтің бастамасымен Алайдың өңдері жинақталды. Ол тұңғыш абытайнушы болды, көрнекті ақын әрі философиялық мұрасын халыққа жеткізді» деді.

Әлихан бюстін Мәскеуде ашылуының мәні бар. Себебі Әлихан 1922-1937 жылдар аралығында 15 жылдай Мәскеуде тұрды. Сол аралықта «Құндығыс» баспасының қазақ басқармасында әдеби қызметкер болып жұмыс істеді. 1937 жылы нақақ ату жазасына кесіліп, өртелген сүйегі Мәскеудегі Дон зираты аумағындағы шұқырға тасталды. Бұл – күрделі кезеңнің үлкен трагедиясы еді. Бір айта кететін жайт, осыған дейін қайраткерге ескерткіш Санкт-Петербурдағы Мемлекеттік Дума ғимараты Таврия сарайына орнатылғаны мәлім.

Дубайдағы Халықаралық қаржы орталығының ғимараттарына ирандық ұшқысшы аппарат соққы жасағаны туралы ақпарат тарайды. Nour News агенттігі жариялаған кадрларда қала үстіне қою түтін көтерілгені байқалады. Алдын ала мәлімет бойынша, соққы Дубай Халықаралық қаржы орталығы (DIFC) орналасқан ауданға бағытталған. Әзірге шабуылдың нақты салдары мен зардап шеккендер туралы ресми мәлімет жарияланған жоқ. Жергілікті билік қауіпсіздік қызметтері оқиғаның мән-жайын анықтап жатқанын мәлімдеді.

Халықаралық қаржы орталығына соққы жасалды



Бұған дейін Иранның жаңа жоғарғы рухани жетекшісі аятолла Мохтараба Хамени Ислам Республикасы аймақтағы америкалық әскери нысандарға соққы жасауды жалғастыратынын айтқан еді. Сонымен қатар ол Иран көрші мемлекеттермен достық қарым-қатынасты сақтауға мүдделі екенін атап өткен.

Аймақтағы жағдай 28 ақпанда АҚШ пен Израиль Иранға қарсы әскери операция бастағанынан кейін күрт шиеленісе түсті. Америкалық және израильдік күштер Иран аумағындағы бірқатар әскери нысанға соққы жасап, әуе қорғанысы жүйелері, зымыран кешендері, әскери базалар мен теңіз күштерінің инфрақұрылымын нысанаға алған.

Вашингтон бұл операцияның мақсаты Иранның әскери әлеуетін әлсірету және оның зымырандық әрі ядролық бағдарламасының дамуын тежеу екенін мәлімдеген. Операция басталғалы Иран аумағына жүздеген соққы жасалған. Шабуылдар командалық орталықтарға, қару-жарақ қоймаларына және зымыран ұшыру қондырғыларына бағытталған.

Өз кезегінде Тегеран да жауап ретінде Таяу Шығыстағы америкалық базалар мен АҚШ одақтастарының нысандарына зымыран және ұшқысшы аппараттар арқылы соққы жасай бастады. Сарапшылар бұл әрекеттер аймақтағы қақтығыстың ауқымы кеңейіп, әскери тегіретістің жаңа кезеңіне өткенін көрсетеді деп бағалап отыр.

Мәжіліс

Кәсіпкерлікті дамыту жайы пысықталды

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен мәжілісте кәсіпкерлікті дамыту, инвестиция тарту және аймақ басшысы тарапынан берілген тапсырмалардың орындалу барысы талқыланды. Бүгінде ауданда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2806 бірлікті құрайды. Оның ішінде 2774 субъектісі, яғни 99 пайызы нақты жұмыс жасап тұр.

Сонымен қатар мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастауға және кәсібін дамытуға жеңілдетілген несиелер қаражаттары мен мемлекеттік гранттар арқылы 4,4 млрд теңгеге 264 жоба қаржыландырылған.

Жыл басынан бері «Ауыл Аманаты» бағдарламасы аясында Amanates.kz цифрлық платформасына 333,7 млн теңгені құрайтын 47 жобаның құжаттары енгізілген. Қазіргі таңда 63 млн теңгені құрайтын 9 жоба комиссия шешімімен мақұлданды.

Былтыр 1 млрд теңгені құрайтын 4 инвестициялық жоба іске асырылып, 19 жаңа жұмыс орны құрылды. Биыл өңірлік пул аясында ауданда жалпы құны 12,1 млрд теңгені құрайтын 6 жобаның іске асыру жоспарлануда. Сондай-ақ Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа аясында 2 жоба жүзеге асырылуда.

Аудан әкімі инвестициялық жобаларды сүйемелдеу, мемлекеттік бағдарлама аясында кәсіп ашуға ниетті азаматтарға заңға сәйкес жан-жақты қолдау көрсету жөнінде сала басшылары мен кент және ауылдық округ әкімдеріне нақты тапсырмалар берді.

Былтыр өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелер мен кәсіпорындар және жеке секторлар арқылы 38 млрд 384 млн теңгенің өнімі өндірілді. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі шаруашылықтары күрші ақтау және «Өркен Әлем» ЖШС өндірген өнім есебінен 127 пайызға артық. Нәтижесінде 15 млрд 571 млн теңгенің өнімі өндірілді. Белшек саудаға келсек, өткен



жылы 3 млрд 791,9 млн теңгеге орындалды. Негізгі капиталға тартылатын инвестиция көлемі өткен жылдың 11 айында 19 млрд 406 млн теңге, яғни 108,8 пайызға орындалды.

Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті дамытуға, жаңа бизнес идеяларды іске асыруға 400 АЕК көлемінде мемлекеттік грант беріледі. Бұл бағытта ауданда 264 жоба 4 млрд 391,2 млн теңгеге қаржыландырылған. Осыған дейін «Ауыл аманаты» жобасымен 166,5 млн теңгені құрайтын 33 жобаға қаржылық қолдау көрсетілді. Аталған қаражат өңдеу бағыты, асылтұқымды мал шаруашылығы, ара балы өндірісі, құс шаруашылығы жөте қызмет көрсету бағытына берілген. Соның нәтижесінде ел ішінде 35 жаңа жұмыс орны құрылған.

Былтыр ауданда жалпы құны 1 млрд теңгені құрайтын 4 инвестициялық жоба іске асты. Алғашқысы – құны 150 млн

теңге болатын «Ер-Әлі» шаруа қожалығының күрші ақтау және жем өндіру зауыты. Қазір бұл іске қосылып, жаңадан 5 жұмыс орны ашылды. 50 млн теңгеге «Бейбарыс» жеке кәсіпкерлігі «Кондитерлік өнімдер шығару» цехын, 380 млн теңгеге «Тәтті» жеке кәсіпкерлігі сауда және ойын-сауық орталығын іске қосты. Сонымен қатар «Таң ЛТД» ЖШС-ның құны 422 млн теңгені құрайтын мақсары майы, жүгері ұны және күрші лапшасын шығаратын «Өндірістік база» жобасын айтсақ болады. Қазір оның жүгері ұнын шығаратын цехы іске қосылды, қалған жобалар өз кезеңімен іске асырылмақ. Мұнда 10 жұмыс орны ашылады.

Биыл Жалағашта Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа аясында «Агрохимсервис-С» серіктестігінің құны 905 млн теңгені құрайтын «Қоймалар және шатыр құрылысы» жобасын бастау жоспарланған. Бүгінде қоймалардың 90 пайыздан астам жұмысы аяқталды. Қытай елінен құрал-жабдықтардың алғаш-

Е.АНАУРҰЛЫ

Жан мен тәнге жанашыр орталық

Дендеп ауру келгенде ғана дәрігердің есігін дәрменсіз қағатын әдетіміз бар. Бұл дағды ма, әлде болмысымызға сіңіп кеткен жазылмаған заң ба, онысы беймәлім. Кейде жасы келген қариялардың көзілдіріксіз кітап оқып отырғанын көргенде таңырқайсың. Сондай сәтте «Біз осы жасқа келгенде қалай боламыз?» деген ой еріксіз келеді. Сүйегі асыл қазыналарымызда қандай құпия бар екен деп ойланасың. Егер сол құпияны тереңірек білсек, бүгінде атын атауға да ауыр кейбір сырқаттардың алдын алуға болар ма еді?..

Көреген Маханбетәлі – 27 жыл бойы ерт сөндіру саласында адал еңбек етіп, алпысты алқымдаған зейнеткер. Осыдан екі жыл бұрын аяқ астынан келген сырқатпен күресіп, айығудың өбегірімен біраз уақыт әуреге түскені бар.

Қимылдап қалған адам шаруаның басын қайырмаса да, жыбырлап тіршілік істей береді ғой. Дәл солай аулаға кішкентай құрылыс салып жүріп, аяқ астынан бұрын-соңды болмаған мұрыннан қан кетіпті. Аудан мен қаланың арасында сабылып жүріп, ақыры «кәтерілі ісік» деген диагнозды естіп қайтқан. «Бір күндік өмірің ғана қалды» деген сөзді есту адамды қандай күйге түсіретінін елестету қиын. Онкологиялық орталықтың табалдырығын аттауы осылай басталған. Он бес күн ем алған уақытында үш мезгіл мұздай суға да өз бетімен түскен. Дәрігерлер бұдан бейхабар. Шыққан соң арнайы тағайындаумен отыз мың теңгеге дәрі алыпты. «Мұнан қайыр болмайтын ішім сөзді» дейді өзі. Бірақ үрей мен қорқыныш келгенде адам бәрін салмақтап ойлай бермейтіні тағы бар. Сөйтіп жүргенде қызының айтуымен Алматыға жол тартады. Оның себебін қазір айтмайыз.

Біз студент кезімізде Алматыда «Бизнес бастау» деп атап кеткен Ахметбек есімді кісі болды. Жеті жыл ішінде ақылы курс ұйымдастырып, қырық мың көсіпкер дайындаған деп естейтінбіз. Көпшілік оны Алаштың рухын көтеруші ретінде таниды. Қазір «Жан мен тән» орталығын ашып, сан мыңдаған адамның ауруынан айығуына себепкер болып отыр. Кейіпкеріміз бұл кісімен бұрыннан таныс болып шықты. Астанада жүрген уақытында бизнес ұстаздың тегін сабағына қатысып та үлгерген. Сырдың жағасындағы дария бойынан сауықтыру орталығын ашу – сондағы бар ой. Бірақ ол уақытта аурудың ауылы жақындап келе жатқанын өзге түрлі өзі

де сезбеген Тағдыр кейде адамды айналдырып әкеліп, дәл өз жолына қайта қояды екен. Араға біршама уақыт салып, «ауданнан да ем мекенін ашамын» деген арманына қарай қадам жасағанда, сол мақсатқа апарар жолдың өзі алдымен емделуші кезеңінен басталғанын қарасаңызшы. Осы жолдан өзі өтіп, сенім мен сергелденнің екі ортасында жүрген пәнделердің жанын ұғып, олардың қайта үміт табуына себепкер болсын деген болар. Өйткені өмірде біз біле бермейтін хикмет көп, әр нәрсенің артында бір қайыр.

Содан не керек, бір апталақ емге барды. Тау өтегі. Күнделікті режим. Ахметбек құрастырған он алты түрлі ем. Мүмкін сол емнің шипасы, мүмкін өмірге деген құлшыныстың күші, емнен кейін нәтижесі де көрінді. Ауданнан шығарда талдау жасап тиянақталған Көреген Маханбетәлі емнен кейін жағдайы 30 пайызға жақсарғанын айтты. Шынында, мұнан кейін қалай сенім пайда болмайды? Таңдаған бағытының дәл әрі дұрыс екенін енді ешкімнен сұраудың қажеті жоқ еді. Өйткені нәтиже көз алдында.

Бастапқыда мұндай орталық тек ірі қаладан ашылуы керек деген талап болған. Алайда кейіпкеріміз ол ойды біртіндеп өзгертті, «Жан мен тән» орталығын Жалағаштан ашты. Орталықтың ашылғанына үш ай болыпты. Он адамға шақтап жасап жатқан шағын орталықты өз үйінен бастады. Егер адамдар көбіейі, іс алға басса, дария жағасындағы бес гектар жерге үлкен орталық салу жоспары да бар. «Алла адамды жаратты, бірақ ауырмау өз қолыңда. Жауапкершілік өзімізде. Денің сау болса ғана айналаңа көрекің» дейді өңгіме арасында.

Қазірдің өзінде Арал, Қазалы сияқты аудандардан хабарласып, ем сұрайтындар бар. Соған қарап отырып, бұл орталық расында өлге керек екен деп



тындап отырмын. «Балаларымыздың үй-жайы реттедік. Артымыздан бір із қалса, сол із Жалағаштың топырағында қалсын» дегенде адамдықты мойындадым. Алдында тұрған бағанағы бейтаныс жан емес, енді рухы үстем тұлға.

Орталықтағы емнің барысын көрдік. Он алты түрлі ем деп айтқанымыз көбісі күнделікті адамға жақын тәсілдер. Суық су, тыныс алу, йога, медитация, массаж, шөп, ашығу, гипнотерапия, шырын терапиясы, бие мен түйе сүті, фитотерапия, күлкі терапиясы, гидро-массаж. Қарап тұрсаң, бәрі де қарапайым. Бірақ кейде адамға көрегі де сол табиғатқа қайта жақындау сияқты.

Кейіпкеріміздің әлеуметтік желісінде дарияға түсіп жатқан, қыстың қақпаған аязында қалың қардың үстінде жалаңаяқ жүрген сәттері жиі жарияланады. Алғаш көргенде сенер-сенбессің. Бірақ расында өзі. Үйінің есік алдында тұрған үлкен көршілік өзімізде. Денің сау болса ғана айналаңа көрекің» дейді өңгіме арасында.

Қазірдің өзінде Арал, Қазалы сияқты аудандардан хабарласып, ем сұрайтындар бар. Соған қарап отырып, бұл орталық расында өлге керек екен деп

ма?» деген ой бірінші келеді мұндайда. Сондықтан біз де сұрамай тұра алмадық. – Алдымен денені қыздырып аламын. Суық суға кіргенде өткен де, болашақ та жоғалады. Аға бірден күшті физиологиялық реакцияға өтеді. Көп адамның күзгелісі өткенді қайта-қайта ойлаудан немесе болашаққа аландаудан туады, – дейді ол.

Тағы бір қалыптастырған әдеті – аптасына үш рет он алты сағат ашығу. Өз тәжірибесінен жинағанын енді елмен бөлісуді бастаған. Құрал-сайманы түгел сайланған. Тақта, плакаттар, сау арқаға арналған массажерлер, бәрі де ретімен орналастырылыпты. Ендігі жоспар – ашық есік күнін белгілеп, аудан тұрғындарын осы орталықпен таныстыру.

Сұхбат басталысымен мені жайғастырып, ал өзі тұрып тұрғалы екі сағаттан асып барады. «Аяқтың жаны кетсе, денсаулық кетеді» деп қалған сөз арасында. «Біткен іске сыншы көп» дейтін бе еді? Бірақ бұл жолы мін іздегің келмейді. Көргенің – мән. Сондықтан «мағыналы бастаманың болашағы өміршең болса екен» деген тілек қана көңілде жылт етті.

Гүлжан ЕСЖАН

Наурызнама

Көктемнің шуақты мерекесі Наурыз тойы – халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрін, ұлттық мәдениеті мен рухани құндылықтарын дәріптейтін ерекше мейрам. Ал Наурызнама онкүндігі аясында аудандағы Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектебі оқушыларға ұлттық тәрбие беруді, салт-дәстүрді насихаттауды мақсат еткен көптеген мәні зор шара ұйымдастыруды бастап кеткендей.

Тәрбиелі ұрпақ – ел тірегі



Аталған ұжым мерекені «Ұлттық киім күні» шарасымен бастады. Мектеп мұғалімдері мен оқушылар қазақтың әсем ұлттық киімдерін киіп, еліміздің бай мұрасын дәріптеуде. Киелі бірінші оқушылар ұлттық нақыштағы киімдер шеруі ұйымдастырылып, чөлденжіз түсіріліп, мектеп орталығындағы әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицей ұжымына жолдан үлгерді.

Сонымен қатар бұған дейін «Ананың аялы алақаны» атты чөлденжіз ұйымдастырылып, оқушылар аналарға деген құрметін білдіріп, жылы лебізін жеткізді. Бұл шара отбасы құндылықтарын дәріптеп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиеленуге бағытталып отыр.

– Біздің мектеп қабырғасында «Наурыз – бөреке бастауы» тақырыбында сынып сағаттары, ұлттық ойындар, танымдық сайыстар мен көрмелер өткізілуде. Білім ордасында ұжым ауызбіршілігін арттыру, мейірімділік пен қайырымдылық қасиеттерін қалыптастыру, айналасына жанашырлықпен қарауға тәрбиелену мақсатында «Шың жүрек» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлікпен көмек көрсетілді, – дейді мектеп директоры Жазира Тұрымбетова.

Оның айтуынша, мұндай мерекелік іс-шаралардың басты мақсаты – жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, ата-дәстүрімізді құрметтеуге баулу, бірлік пен татулықты насихаттау. Осындай тағылымы мол шаралар арқылы оқушылар ұлт мәдениетін тереңірек танып, халқымыздың салт-дәстүріне деген құрметін арта түсетіні сөзсіз.

Айта кетейік, Наурызнама онкүндігі аясында аудан көлемінде көптеген мерекелік шара ұйымдастырылады. Айталық, онкүндіктің алғашқы күні «Руханият» орталығында Керісу күні мерекесіне орай «Жаңа өмір, жаңа жыл, жаңа күнмен қауышу» атты мерекелік шара өтеді. Ал «Қайырымдылық» күні көп пен барлық ауылдағы мұқтаж жандарға көмек көрсетілмек. Сондай-ақ «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр» күні «Көне дүбір күмбезді» атты мерекелік іс-шара, «Шаңырақ» күні аудандағы алтын күміс мерейтой иелерімен тағылымды кездесу өтеді.

«Ұлттық киім» күні «Әсем қадам» атты ұлттық киімдер шеруі ұйымдастырылады. Бұл шарада ата-баба мұрасын ұлықтап, қазақы нақыштағы киімдерімізді насихаттауға арналған мерекелік көрініс қамтылады. «Жаңару» күні жалағаштық жас өнерпаздардың көрмесі, «Ұлттық спорт» күні асық ойыны, бір тасын көтеру, арқан тартыс, қол күрес т.б командалық жарыстар мен көңілді байқауларды тамашалауға болады.

21 наурыз – «Ынтымақ» күні «Бөреке басы – Әз-Наурыз» атты мәдени-көпшілік шаралар әр елді мекенді қызықтырады. 22 наурыз күні орталық стадионда «Жыл басы» күні тойланады. Театрландырылған қойылым мен концертті бағдарлама көпшілікке ұсынйлытың. Ал онкүндіктің соңы «Тазару» күнімен аяқталады. Бұл күні аудан көлемінде экологиялық акция өтіп, балғын тұрғын қоршаған ортаны тазалау, тал көшеттерін отырғызу сынды игі жұмыстарды атқармақшы.

Ержан ҚОЖАС

Жалағаш ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының азаматтарды және заңды тұлғаларды өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

№	Мекеменің атауы	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан мекен-жайы	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Жалағаш ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	Дүйсеубиева Бибисия Аманжоловна	Бөлім басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15:00-ден 17:00-ге дейін	Жалағаш кенті Абай көшесі № 57	8(72431)31753

Табиғат тартуы: өсімдіктердің емдік қасиеті бар

Мектебіміздің бергі беті ауданның шеті саналады, «төтеліп тез шығамыз» дегенге тікесінен тартатын жолдарға толы болатын. «Аяғымызға жеңілдікке киетін резеңке төпішкемен зырғып өтеміз» деп өкшімізге кірген тікеннің дыңылынан бір-ақ аялдайтынбыз. Еміс-еміс көріністер ғана сақталған, қазір өз уақытымен жайлар жайғасқан мандарға ол кездері уақ қой-өшкілер жайылатын. «Көктемнің әбден гүлдеген кезі тойымды болатын» дегенді көп естиміз. Одан әрі мия қаулаған арық бойы басталып кетеді. Ерсілі-қарсылы ойын баласы үшін жай шөп болып көрінетіні заңдылық. Қазір қарасам, сол жай ғана шөп деп жүргеніміз өзінде табиғат сыйлаған құнар мен емдік қасиет тұнып тұр екен.

Қазақы танымда келеңсіз жағдайларды тіл-көзбен байланыстырып жатады. Бергіге дейін үйді тазалап, «жамандықтан сақтайды» деген сеніммен адыраспан іліп, аластау жасайтын дәстүр бар. Бұл нанымның қаншалықты дұрыс екені өз алдына бөлек өңгіме, біз бүгін адыраспанның емдік қасиеті туралы айтқымыз келеді.

Халық емі бойынша адыраспанды әртүрлі ауруға ем ретінде қолдануға болады. Қазақтар бұл шөптің қайнатпасымен тері ауруларын емдеген. Мал дәрігерлігінде адыраспан тұнбасымен ботаның қотырын да емдеген. Бірақ адыраспанды көп мөлшерде қолданса, улануы мүмкін. Дәрілік өсімдік ретінде адыраспанның бұтақшасы, жапырағы мен гүлі шілде айында жиналатын көрінеді. Халық емшілері оны адамның сегізкөз жүйке ауруларын емдеуге пайдаланған. Сабағы мен жапырағын қайнатып, мөлшерімен іше, тамла, саз ұмытшақтық, суықтан болған ми қабынуы ауруларына пайдалы деп есептеген. Күнделікті көріп жүрген өсімдіктің де кейде қаншалықты құнды екенін байқамай жататынымыз тағы бар.

Бақшаға тұқым тастағанда жармасын есіп кетпесін деп, күннің астында талай шыр-мауықты жұлып тастадық. Содан бері ойымызда жағымсыз, арам шөп сияқты болып қалып қойған. Бірақ шыр-мауықтың да емдік қасиеті бар екенін білгенде, өзімізше қалыптастырып алған тұжырым өзгеріс бастайды екен. Халық емінде шыр-мауықты әртүрлі ауруға қолданған. Ол өсіресе дене сарғаюына, яғни бауыр мен өт ауруларынан болған сырқаттарға пайдаланылған. Сонымен қатар шыр-мауықты көтеріп, май қосып, күйікке жаққан. Айдың да арғы беті бар-ау...

Бұрынғының адамы ғой, ежем үшін газ балон үнемдеуіме, әлде бізді еңбекке баулу-



дың бір тәсілі ме екен, әйтеуір даладағы ошақ қазанға ас әзірлеп, мылқау пешке көмген табаннан жырыммен кеш бататын. Таза ауаға киізін жайып жіберіп, өншейінде сексүлінің шоғымен ысылдап тұратын самуарындағы судың қайнарын күтпей өкеліп жайғастырады. Темір шөлкеге қоға түтетіп, бір бұрышқа орналастырады. Жазғы мезгілде маса-сона мазаны алмай, өбегерленбеудің қамы бұл. Сөйтсек одан арқан жіп, түрлі ыдыстар жасалып, ерте заманнан халық тұрмысында кең қолданылыпты. Су жағасында өсетін қоға маусым мен тамыз айлары аралығында жеміс береді. Тамыры халық медицинасында да ерекше орын алады. Оны асқазан қабынуын емдеуге, төбетті арттыруға, бел мен аяқ ауырғанда қолданған. Сондай-ақ жүйке жүйесін тыныштандырып, шыққан сыздауыққа қарсы пайдаланған.

Көбіміз жол бойынан көрсек үпелегін үрлеп, маз болатын бақ-бақ гүлі халық медицинасында дәрілік мақсатта кең қолданылатын болып шықты. Одан жасалған тағамдар бауырдың жұмысын жақсартып,

ағзадағы зат алмасуды реттеуге көмектеседі. Өсімдіктің тамыры мен көптірілген шөбінен дайындалған қайнатпа асқазан ауруларына, өт айдатын және қақырық түсіретін дәрі ретінде пайдаланылады. Сонымен қатар ол атеросклероз бен анемияны емдеуде де тиімді.

Бақ-бақ жапырақтары да өте пайдалы. Оның құрамында каротиноидтар, С және В2 дәрумендері, сондай-ақ кальций, фосфор, темір, магний және марганец сияқты минералдар мол. Бұл заттар адам ағзасын нығайтып, денсаулықты жақсартуға ықпал етеді. Ағайын-туыс асарлатып үй кетерін уақыттан қамысты құрылыс бағытында қолданатынын біліп өстік. «Жылуды жақсы сақтайды» деп бір кездері қарқас тамға таптырмас материал да болды. Қамыстың адам өмірінде бұдан бөлек те пайдасы мол. Одан химиялық өңдеу арқылы шайыр, метил спирті, сірке қышқылы сияқты заттар алынады. Сонымен қатар қамыстан қағаз да өндіріледі. Оның суда өсетіні белгілі, бірақ ағашқа қарағанда ылғалға төзімділігі жоғары болып келеді. Қамыстың жер астындағы тамырын қазекем

борық деп атайды. Борық – қамыстың сабағы мен тамырының арасындағы шырғынды, төтті болып келетін бөлігі. Осы бөлігінен қант өндіруге болады. Қазіргі таңда өлемде өндірілетін қанттың шамамен 60 пайызы осы қамыстан, ал 40 пайызы қызылшадан алынады. Салыстырмалы түрде қамыс қантының пайдасы зор. Оның құрамында клетчатка, түрлі микроэлементтер және жүйке жүйесін реттейтін В дәрумені бар. Сонымен қатар құрамындағы калий ағзадағы артық сұйықтықты шығаруға көмектессе, кальций сүйектерді нығайтады. Ал мырыш адам ағзасының жалпы саулығына пайдалы. Иә, өз өңіріміздегі өнімнің игілігін білмей, мал азығы мен тұрмыстық қолданыстың аясында қалдырып қойғанымыз рас.

Егде тартып, бел еңкейген сайын сүйек ұлпалары өсіреп, дәрмен жетіспеушілігінен сүйектер тез сынғыш болады. Медицинада мұндай жағдай остеопороз деп аталады. Бұл кезде сүйек тіндері жұқарып, аз ғана күш түскеннің өзінде сынуы мүмкін. Сондықтан сүйекті үнемі нығайтып отырған дұрыс. Осындай кез-

де табиғаттың пайдалы өсімдіктерінің бірі жоңышқа көмектесе алады. Көпшілігіміз жоңышқаны мал азығы ретінде жақсы білеміз. Шаруашылықта оны орып, келтіріп, престеп буып, қыста малға азық ретінде пайдаланады. Оның құрамында сүйекті нығайтатын дәрумендер мен минералдар мол. Сол себепті жоңышқаны тек мал азығы ғана емес, адам денсаулығының қамқоршысы десек, артық болмас.

Даланың табиғатына көз салып байқасаңыз, адамға пайдасы мол өсімдіктер аз емес. Солардың қатарында шеңгел де бар. Күн жылысымен көрші-қолаң тастай қатқан топырақтарын аударып, алдымен Дамбының шеңгелін салып көшетін ыңғайлайтын. Бұталардың арасында өсетін бұл өсімдік жаз айларында гүлдеп, табиғат көркін ерекше аша түседі. Шеңгелдің шипалы қасиеті өсіресе оның тамырында жатыр. Дәрілік мақсатта тамыры көбіне күз мезгілінде қазып алынады. Құрамында гликозидтер, илік заттар мен эфир майлары болғандықтан, шеңгел тамыры тер шығаратын, несеп айдайтын және іш жүргізетін қасиеттерімен ерекшеленеді. Сондықтан халық медицинасында шеңгел тамыры ертеден-ақ түрлі ауруға қарсы қолданылып келген. Оның көмегімен шөмек, ревматизм сияқты сырқаттарды емдеген. Сонымен қатар бүйрек пен қуыққа тас байланған жағдайда да дәрі ретінде пайдаланған. Іш жүргізетін қасиеті геморрой кезінде де көмегін тигізеді. Мұнда құндылықты көтеріп тұрған туған жеріміздің топырағы қандай бай десенші!

Жазғы жемістердің арасында қара қарақат та көзге түсетін. Әкем қолына күрегін арқапал, ары-бөрі жүріп, жолай сол қарақатты үзіп жеп қоятын. Кішкентай ғана жидегіне бір қарап, «жегітін емес қой» деп өзіміздің дұрыстап, әлек боламын. Оның асылы ішінде болып шыққанын қарасаңызшы. Мамандардың айтуынша, небәрі 50 грамм жазық шырғынды, төтті болып келетін бөлігі. Осы бөлігінен қант өндіруге болады. Қазіргі таңда өлемде өндірілетін қанттың шамамен 60 пайызы осы қамыстан, ал 40 пайызы қызылшадан алынады. Салыстырмалы түрде қамыс қантының пайдасы зор. Оның құрамында клетчатка, түрлі микроэлементтер және жүйке жүйесін реттейтін В дәрумені бар. Сонымен қатар құрамындағы калий ағзадағы артық сұйықтықты шығаруға көмектессе, кальций сүйектерді нығайтады. Ал мырыш адам ағзасының жалпы саулығына пайдалы. Иә, өз өңіріміздегі өнімнің игілігін білмей, мал азығы мен тұрмыстық қолданыстың аясында қалдырып қойғанымыз рас.

Егде тартып, бел еңкейген сайын сүйек ұлпалары өсіреп, дәрмен жетіспеушілігінен сүйектер тез сынғыш болады. Медицинада мұндай жағдай остеопороз деп аталады. Бұл кезде сүйек тіндері жұқарып, аз ғана күш түскеннің өзінде сынуы мүмкін. Сондықтан сүйекті үнемі нығайтып отырған дұрыс. Осындай кез-

Гүлжан ЕСЖАН

Сессия

Кент және ауылдық округтер бюджеті нақтыланды

Кеше аудандық мәслихаттың кезектен тыс 41-сессиясы өтті. Аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов модераторлық жасаған сессияға аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов, кент, ауыл округтер әкімдері мен мамандары, тиісті бөлім басшылары қатысты.



Күн тәртібінде «2026-2028 жылдарға арналған Жалағаш кентінің және ауылдық округ бюджеттері туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Нұрсұлу Маратқызы хабарлама жасады.

Ол 2025 жылдың қорытындысымен кент, ауылдық округ әкімі аппараттарының бюджетінде 9486,7 мың теңге қалыптасқан бос қалдықтың 4591,4 мың теңгесін шығыстарға бағыттау, бұдан бөлек бюджеттік бағдарлама

әкімшілерінен түскен сұранымдарына сәйкес қаржы бөлуі қажет ететін шығыстарға аудандық бюджеттен трансферт есебінен 68 272 мың теңге, барлығы кент, ауылдық округтер бюджетіне 72 863,4 мың теңгеге нақтылап, сәйкесінше тиісті шығыстарына бағыттау жоспарланып отырғанын жеткізді.

Сессияда депутат Өмірзақ Елеусінов, Гүлзат Құрманбаева, Гүлжайна

Айтжанова мен Қуат Ахетов тарихи ескерткіштердің құжаттандырылуы, олардың жандарында бейттердің салыну мәселесі, жол бойында қайтыс болған адамдарға қойылған белгілер, кенттегі жеке табыс салығының түспеу себебі, төңірегіндегі ғимараттың сауылу себептері туралы сұрақтарына жауап алды. Соңында аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов кент

және ауылдық округтер бюджеттерінің жобасына қолдау білдіргені үшін депутаттарға алғыс білдіріп, алда келе жатқан Наурыз мерекесімен құттықтады. Сессия жұмысын аудандық мәслихат төрағасы Ө.Елеусінов қорытындылады.

Е.СОЗАҚБАЕВ

Салт-дәстүр жаңғырған күн

Бейсенбіде Амал мерекесі қарсаңында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге арналған «Көне дәстүр күмбезі» VI дәстүрлі ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар фестивалінің шымылдығы түрілді. Фестиваль аясында ауданға қарасты ауылдық округтердің өнерпаздары халқымыздың ұмты бола бастаған салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жаңғыртып, сахналық қойылымдар арқылы көпшілікке паш етті. Ұлттық ойындар мен дәстүрлі әуендер астақсаң, ұлттық нақышқа бай қойылымдар фестивалдің сәнін кіргізіп, көрерменді өнер мен дәстүр тоғысқан ерекше мерекелік көңіл күйге бөледі.



Қар еріп, тоң жібіп, күннің шуағы жерді жылыта бастағанда халықтың көңілі де жаңарып сала береді. Ел-жұрт осындай жаңару мен үмітке толы мезетте Ұлыстың ұлы күнін қарсы алуға асығады. Ауыл-ауылда қазан көтеріліп, ақ дастарқан жайылып, өткеннің өкпесін ұмытып, жаңа күнді қуанышпен қарсы алады. Осы орайда мереке қарсаңында сахна төрінде халқымыздың бай салт-дәстүрлері жаңғырып, ұлттық құндылықтардың мәні көңінен насихатталды. Фестиваль шымылдығын Қаракеткен ауылдық клубының көркемөнерпаздары ашты. Олар қазақ халқының көне дәстүрлерінің бірі – «Күзем шай» салтын сахналық көрініс арқылы көпшілік назарына ұсынды.

Шай бұрет ықылым заманнан мейманға құрмет білдірудің белгісі. Жөн-жоралғысына қарай төтті шай, жұма

шай, көңіл шай, шашу шай деп атаған. Көрініс барысында ата-бабадан жалғасқан салттың мән-маңызы әсерлі жеткізілді. Жаз шығып, қойдың жүні жетіліп, қыркым уақыты келгенде ауыл адамдары бір-біріне қол ұшын созып, үлкен іске жұмыла кіріскен. Осындай еңбектің қызған шағында үй иесі жиналған жұртқа арнайы дәм әзірлеп, ақ дастарқанын жайған. Бұл дәстүр халық арасында «күзем шай» деп аталыпты. Дастарқан басында үлкендер ақ батасын беріп, еңбекке береке, малға амандық тіледі.

Фестиваль аясында өзге де ауылдардың өнерпаздары ұлттық дәстүрлерді сахналап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Атап айтқанда, Далдабай ауылдық клубының өнерпаздары «Аушадияр» дәстүрін, Есет батыр ауылдық мәдениет үйінің өнерпаздары «Бо-

саға ілу» салтын, ал Бұқарбай батыр ауылының өнерпаздары «Тұсау кесу» дәстүрін көпшілік назарына ұсынды.

Ертеректе қыз ұзату мен той-думан кезінде жастар мен өнерлі адамдар «аушадияр» деп басталатын көңілді өлең айтып, тойдың сәнін кіргізген. Бұл өлеңдерде әзіл-қалжың, ақ тілек, жас жубайларға арналған ізгі ниет қатар өріліп, жиналған жұрттың көңілін көтерген. Алайда бүгінгі таңда бұл әдемі дәстүр біртіндеп ұмытылып бара жатыр. Қазіргі тойларда көбіне тек қыздың туған үйімен қоштасуын білдіретін сыңсу ғана айтылып, ал аушадияр сирек орындалатын болды. Қатысушылар қойылым барысында ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрдің мазмұны мен мәні көрерменге айқын жеткізе алды.

Босаға қазақ ұғымында қасиетті саналған «Босағаны керме, босағада тұрма» деп тыйып өсірген. Келін жаңа шаңырақтың табылдығын аттап, үйге кірген соң, босағаға ақ мата немесе орам мата іледі. Қазіргі уақытта босаға ілу көп жерде орындала бермейді, дегенмен қазақтың отбасылық дәстүрінің мәнін көрсететін бірден бір көне ғұрып.

– Бүгінгі шара халқымыздың ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерін жаңғыртудың жарқын көрінісі болды. Бағдарлама барысында ұлттық құндылықтарымыз кеңінен насихатталды деп ауыз толтырып айтуға болады. Бұл дәстүрлер арқылы қазақ халқының тарихы мен өмірлік ұстанымы айқын көрінді. Осындай тағалымды көріністер жастарға ата-баба мұрасының мәнін тереңірек түсінуге жол ашады. Себебі салт-дәстүр – ұлттың рухани тірегі. Сондықтан мұндай шаралар ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңызды қадамы деп ойлаймын, – деді депутат Қуат Ахетов.

Бұл күнгі шара тұсау кесу рәсімімен түйінделді. Сахна төрінде ала жіппен

тұсауы байланған сәби ақ матаның үстіне шығарылды. Ақ имешекті әже бір қолымен баланы демеп, бір қолымен ала жіпті ұстап тұр. Салттың мәні айшықталған соы сәтте баланың аяғындағы ала бау кесіліп, сәби алға қарай қадам басты. Бұл – баланың өмір жолы ашылып, қадамы нық, жолы ақ болсын деген игі тілектің нышаны. Қорқыттың қобызы сарнаған Сырдың сәбиі жыраулықтың жолын қуамын деді ме, қолына домбыраны іліп алып, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Ұлттық мұра мен рухани құндылықтарды дәріптеген бұл фестиваль көрерменге ерекше әсер сыйлап, халқымыздың салт-дәстүрін ұлықтауға бағытталған тағалымды шаралардың маңызын тағы бір мәрте көрсетті.

Фестивальдің екінші күні «Руханият» орталығында жалғасын тауып, ұлттық рухқа толы ерекше кешке ұласты. Бұл күні Мәрілі Шәменов ауылының өнерпаздары сахна төрінде халқымыздың көне дәстүрлерін жаңғыртып, «Токсаншық шығуы» мен «Көрісу күнінің» мән-маңызын айшықтайтын әсерлі қойылымдар ұсынды. Ұлттық ойындар мен сахналық көріністер көрермен көңілін көтеріп, салт-дәстүрдің терең мағынасын паш етті. Шараның басты ерекшелігі, туыстық байланысты бекемдейтін «Төркіндеу» салтының сахналануы болды. Сонымен қатар ауыл келіндерінің өнері арқылы абысын арасындағы татулық пен сыйластық кеңінен насихатталды. Бұл көріністер жиылған жұртқа қазақтың тарихы, отбасы бірлігінің маңызын тереңінен сезіндірді. Фестивальде ұлттық тағамдар көрмесі де ұйымдастырылып, келген қауымға наурыз көже мен бауырсақ ұсынылды. Дәм мен дәстүр тоғысқан бұл мерекелік шара көпшілікке ерекше көңіл күй сыйлағаны анық.

Гүлжан ЕСЖАН

Сақтансақ, сақтайды

Сенбілікте өрт қауіпсіздігін сақтаңыз

Көктемгі және күзгі сенбіліктер кезінде аумақтарды тазалау барысында өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау өте маңызды. Себебі жиналған қоқис пен құрғақ шөпті дұрыс пайдаланбау өрттің шығуына әкелуі мүмкін. Сондықтан сенбілік барысында қауіпсіздік шараларын сақтау қажет.

Иә, сенбілік жұмыстары кезекті тазалық жұмыстары екені рас. Бірақ мұндай шараларда көбіне жиналған қоқыстарды жағу жағдайлары жиі орын алады. Шындығында, мұндай сенбілік жұмыстарында негізгі талаптар сақталмаса, соңы өртке ұласуы өбден мүмкін. Мұны кейін білгеннің пайдасы шамалы. Сондықтан реті келсе, алдын алуға

жұмыс жасау керек.

Бірінші кезекте құрғақ шөп пен қоқысты рұқсат етілмеген жерде өртемеу керек. Оның кейін соңы үлкен өртке ұласуы ғажап емес.

Өрт жағылған жағдайда оны бақылаусыз қалдырмау керек. Осындай бақылаусыз қалған өрттің салдарынан табиғатқа да үлкен шығын келіп жатады.

От жаққан кезде жақын маңда су немесе құм дайындап қою қажет. Желді күні қоқыс жағуға қатаң тыйым салынады. Себебі жалын тез таралуы мүмкін. От толық өшкеніне көз жеткізбей орынды тастап кетпеу керек. Балалардың от жаққан жерге жақындауына жол бермеңіз.

Есіңізде болсын, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау – адам өмірі мен мүлкін қорғаудың басты кепілі. Кез келген өрт немесе төтенше жағдай туындаған кезде 101 немесе 112 нөмірлеріне хабарласу қажет.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі



Тарих

Азамат соғысының өрті лаулаған Ауғанстан демократиялық республикасына «Кеңес одағының оңтүстік шекарасын американдық империалистердің агрессиясынан қорғау мақсатында» деген желеумен Кеңес армиясының шектеулі контингентін енгізу туралы шешім 1979 жылы 12 желтоқсанда Кеңес одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының отырысында қабылданып, аса құпия қаулымен бекітілді. Сөйтіп бұл оқиғаға дейін ұзақ жылға созылған Кеңес одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы әскери және саяси бәсекенің ақыры мыңдаған кеңес әскерінің Ауғанстанға кіргізілуіне әкеліп соқты.

Ауғанның от-жалыны шарпыған жалағаштықтар



1979 жылы 27 желтоқсан күні Ауғанстан мемлекетіне басып кірген Түркістан әскери округінің 40-шы армиясының түрлі әскери бөлімдері он жыл бойы бейбіт ауған халқына көмек көрсетіп, алпауыт шет елдер қаржыландыратын ауған моджахедтеріне қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. Осылайша бір мемлекет ішіндегі азамат соғысы өңірлік соғысқа ұласып, халықаралық сипат алды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының 1980 жылғы 14-қаңтардағы Қарары тәуелсіз Ауғанстан демократиялық республикасына Кеңес әскерлерінің басып кіруі шетелдік әскери басқыншылық» деп ресми жариялады. Осыған байланысты халықаралық ұйымдар Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына өздерінің жаппай наразылықтарын білдірді.

1986 жылдан бастап Кеңес одағының басшылығы бүкіл әлем қауымдастығының алдында саяси қате жібергенін мойындап, оны түзету жолдарын қарастыра бастады. 1986 жылы ақпанда болған Кеңес одағы Коммунистік Партиясының XXVII-съезінде КСРО Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бас хатшысы Михаил Горбачев Кеңес әскерлерін кезек-кезекте бөліп, ауған жерінен шығару керектігін мәлімдеді. Сөйтіп 1989 жылы ақпанның 4-і күні КСРО-ның соңғы әскери бөлімі ел астанасы Кабул қаласын тастап шықты. Осылайша өріс алған «жұмбақ соғыс» 10 жылға созылып барып тоқтады. 1989 жылдың 13-ақпанында Өзбекстан Республикасының Төрмез қаласы маңындағы шекаралық көпірді шекаралықтармен бірге өте соңғы болып кесіп өткен он жыл бойы Ауғанстан мемлекетінде соғыс қимылдарын жүргізген 40-шы армияның қолбасшысы, генерал-лейтенант Борис Громов Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан толық өкетілгенін бұйық өлеңге ресми түрде жариялады.

Осылайша Кеңес әскерлерінің Ауғанстандағы шектеулі контингенті елге оралды. Ресми статистика деректеріне сүйенсек, 2238 күнге созылған Кеңес-Ауған соғысына жалпы 22 мыңнан аса қазақстандық қатысып, оның ішінде 924 жауынгер мерт болып, 1015 отандасымыз түрлі деңгейде жарақат алып, мүгедек болып елге оралды, 21 адам хабар-ошарсыз кетті. Өткен 37 жыл ішінде тәнге түскен әскери жарақат пен түрлі дерттің салдары, «ауған синдромынан» республика көлемінде 3 мыңға жуық ауғандық жауынгер қайтыс болды. Осы соғысқа қатысқан 821 қызылордалықтың майдан даласында 20-сы қаза тауып, 81-і елге мүгедек болып қайтты.

Жалағаш аудандық әскери комиссариатынан алынған мәліметке сүйенсек, Ауғанстан жерінде жалпы 41 жалағаштық жігіт өзінің интернационалдық борышын өтеді. Кейін жалағаштық 8 «ауғандық» жауынгер жарақат пен түрлі дерттің салдарынан елге оралғаннан кейін қайтыс болды. Жерлестеріміз Айтбай Күзембаев, Рашид Ниязов, Асқар Бітқов, Зауал-Махан Баймуратов, Аман Жүгінісов, Байманбек Қаңлыбаев, Махамбет Ермаханов, Қозыбай Рахметов сынды боздақтардың есімі мәңгі ел есіне қалады.

Қазіргі таңда аудан көлемінде 19 жауынгер-интернационалист тұрып жатыр. Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 37 жыл өтсе де сол кездегі жауынгерлер бүгінгі бейбіт өмірдің еңбеккерлері соғыс салған жан жарасынан айығып, қасіреті мен елесінен арыла алмай келеді.

1979-1989 жылдардағы Кеңес-Ауған соғысы Кеңес дәуірі тарихының ең қаралы әрі «ақтаңдақ» беттерінің бірі болып қалды. Отан алдындағы интернационалдық борышын адал атқарған мыңдаған жас ұрпақ саяси ойынның құрбаны айналып, Ұлынан айырылған ана да, өкесінен жетім қалған бала да Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге аттанған асылдарының нәліктен оққа ұшқанын біле алмай дал болды.

Он жылға созылған бұл соғыстың кімге не үшін қажет болғаны – бүгінгі күннің басты сұрағы. Содан бері міне, зымырап 37 жыл өтіпті, соншама уақыт өтсе де, сол қып-қызыл от-жалын шарпыған жылдар көшегі бозбала, бүгінгі аға буынның көз алдында. Қаншама қыршын жасты шалғайдай жапырып, баудай түсірген осы жарияланбаған соғыстың салған ланы мен қасіретіне әлі де лағынет айтылуда. Сондықтан бұл соғыстың қасіреті мен естелігі әлі талай ұрпаққа сабақ болары сөзсіз.

Мынадай мамыражай бейбіт заманда өмір сүріп жүрген біз білуге тиіс бір қағида бар, соғыста жауынгер өлсе де, естелік мәңгі өлмек емес. Міне, сол естеліктің жасампаздығы болар, 2018 жылдың күзінде аудан орталығында ерлікке тағзым етудің азаматтық үлгісі ретінде Семей атом сынақ полигонында әскери қызмет атқарған, 1986 жылы Чернобыль атом электр станциясында орын алған техногендік апаттың салдарын жоюға қатысқан және 1979-1989 жылдар аралығында Ауғанстан демократиялық республикасында өздерінің интернационалистік борышын өтеген жалағаштықтардың құрметіне арналған еңселі ескерткіш бой көтерді. Бұл ескерткіш биік азаматтық ар-ождан-ның, әскери антақ адалдықтың, Отанға қалтқысыз қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен барлық жалағаштық ардагер жауынгердің абыройын асқақтатып, құрметін арттырды.

Қарлығаш САҚТАҒАНҚЫЗЫ, аудандық тарихи-өлкетану музейінің экскурсоводы

Сараптама

Дала жұмыстарына дайындық қалай?

Былыр диқандар үшін аяқсу айтарлықтай мәселеге айналғанымен, ел ырысын молайтуда еңбек адамдары қарап қалған жоқ. Нәтиже де жаман емес, әсіресе солтүстік пен оңтүстіктегі аграрлық өңірлерде мол астық жиналды. Ал алдағы көктемгі науқан қалай болмақ? Әлден мамандар су тапшылығы өткен жылдан да күрделі болатынын айтып дабыл қағуда. Суды аз қажет ететін дақылдар егетін солтүстік өңірлерге бұл айтарлықтай мәселе бола қоймас. Әлбетте, ол үшін көктемге дейін жауын-шашынның көп түсуі маңызды. Ал оңтүстік өңірлер, оның ішінде күріш егуге көп көңіл бөлетін Сыр диқандарына қайтпек керек? «Мәселенің алдын алу үшін суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беру керек» дейміз. Бірақ мұның өнім көлеміне, экологияға басқа да кері әсері болмай ма? Тарқатайық...

Егіс көлемі
180 мың гектарға артады

Биыл Қазақстанда егіс алқабы 23,8 млн гектар болып белгіленді. Бұл көрсеткіш былырғыдан 180 мың гектарға артық. Биыл майлы дақылдар 55 мың, азықтық дақылдар 242 мың, арпа 94 мың ал ұйымдастырылған шаруашылықтарда картоп 10 мың гектарға көбеймек. Қысқартылған егіс көлемі де жоқ емес. Мәселен, бидай алқабы 125 мың гектарға қысқарды, яғни биыл елімізде бидай алқабы 12,1 млн гектарды құрап отыр.

Жалпы Президент бұған дейін ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге басымдық беру қажеттігін қаперге салған. Бұл – әлбетте, орынды тапсырма. Мәселен, қазір елімізде жүгеріні терең өңдейтін инвестициялық ірі жобалар шикізатқа тәуелді. Ал аграрлық аймағы көп, егіс алқабы қалыпты мемлекет бола тұра мұның өзін шет елдерден импорттасқа, ол инвестициялық жобалардың мемлекетке пайдасы да шамалы. Сондықтан тиісті министрлік бұған айтарлықтай бас қатырған. Нәтиже де жоқ емес.

Шетелдік инвесторларды шаруалар шикізатпен қамтиды

«Қазір суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беру керек» дейміз. Осыған дейін бұл бастамаға шаруалар қырын қараған. Өйткені мұндай дақылдарға сұраныс аз болды. Ал қазір ше? Бүгінде өлгіңдей инвестициялық ірі жобалар тығарықтан шығаруға және айналған. Өйткені енді мұндай дақылдарға шетелді бидай қойғанда, өз елімізде де сұраныс жоғары болып отыр. Осы ретте Ауыл шаруашылығы министрлігі жүгері алқабын өртараптан тандыру индустрия кайта қарап, егісті өртараптан тандыру көлемін ұлғайтуға бел буып отыр. Биыл жүгері алқабы 265 мың гектарға жеткізілмек. Бұл көрсеткіш өткен жылдан 90 мың гектарға артық.

Бұған қатысты шетелдік компаниялармен тәжірибе алмасу жұмыстары аяқталды. Мәселен, осыған дейін министрлік Қытайдың солтүстік өңірлерінде топырақ климаты бізге ұқсас жүгері өсіретін компаниямен кездесу өткізген. Олар тұқым, тыңайтқыш жеткізу және өсіру тәжірибесімен бөліскен. Енді шаруаларды форвардтық қаржыландыру және алдағы уақытта жүгеріні инвесторға өткізу жайы псысқалтып жатыр. Осы ретте жергілікті өкімдіктер аталған дақылды өсіруді халықаралық тәжірибеге сүйеніп отырып, егіс алқаптарын кеңейту бойынша жаңа қарқынмен жұмыс жасауы тиіс. Министрлік солтүстік өңірлерде жүгеріні өсіру екі есін арттырады. Сондықтан халықаралық тәжірибені енгізуге әсіресе солтүстік өңірлер көбірек бас қатырса дейді.

Күріш көлемі 20 мың гектарға қысқармақ

Суды көп қажет ететін күріш пен мақта алқабы мол өнімді оңтүстік өңірлерде бұл өнімдердің егіс алқабы айтарлықтай қысқарған. Мәселен, суды пайдалану лимитіне сай биыл күріш алқабы 20 мың гектарға қысқармақ. Ал мақта 162 мың гектарды құрап отыр. Оның ішінде тамшылатып суару едісі қолданылатын алқап 29,8 мың гектарға артық. Ал бұрынғыдай суарылатын дәстүрлі алқап 12 мың гектарға қысқармақ. Министрлік бұл ішкі қажеттілікті толық қамтамасыз етуде мейлін өнім алуға мүмкіндік беретінін айтады.

Биыл көктемгі науқан және күзгі егін жинау жұмыстарына шаруаларға пайыздық үстемасын төмен несие беруге 700 млрд теңге бөлінді. Қаржылай қолдаудың уақытында қолға



алынғаны да өз жемісін берген. Былырғы науқандық жұмыстарды қаржылай қолдау жұмыстары 2024 жылы қараша айының соңында қолға алынған еді. Ал биылғы жұмыстарға дайындық өткен жылы қазанда жүзеге асты. Соның арқасында шаруалардың көбісі егінге қажетті тыңайтқыш, тұқым, жанармай, техника секілді қажетті дүниелерге уақытылы қол жеткізіп, алдағы науқанға сақанды сай отыр. Қазірдің өзінде 1900 шаруашылыққа 200 млрд теңге қаржылай қолдау көрсетілген. Бұл барлық шаруашылықты қаржылай қолдаудың 27 пайызын құрайды.

Шаруалар былыр 25 мың гектар сатып алған

Жергілікті шаруаларды мемлекеттің қаржылай қолдауы мұнымен шектелмейді. Енді «Даму» қоры арқылы берілетін кепілдіктер бойынша несие көлемін 300 млрд теңгеге жеткізу де жоспарда бар. Қазірдің өзінде 86 млрд теңге несие беріліп келеді. Сондай-ақ өзімізден шығатын отандық техникаларды жеңілдетілген лизингке беру жұмыстары жалғасуда. Бұл мақсатқа да 300 млрд теңге бағытталып отыр.

Иә, көктемгі науқан жұмыстары басталар күн жақын. Енді шаруалар техникасын сайлап алуы тиіс. Қазіргі таңда Қазақстанда 152 шаруашылықтан жалпы құны 34 млрд теңгеге өтімдер түскен. Оның ішінде 40 шаруашылық 13,8 млрд теңге қаржылай қолдауға ие болған. Қазірдің өзінде еліміз бойынша көктемгі дала жұмыстарына техниканың дайындығы 80 пайызды құрайды. Мұны толық жұмыс басталғанға дейін 100 пайызға жеткізу керек.

Былыр да бұл мақсатта нәтижелі жұмыс атқарылды. Әсіресе мемлекеттік қолдау шаруалардың техникалық базасын жаңартуға нәтижелі жұмыс шаруашылықтар 25 мың техника сатып алған. Бұл өнім сапасын арттыруға және еңбек өнімділігін еселеуге де оң әсерін тигізіп отыр. Қазірдің өзінде шаруаларда 139 мың трактор, 5,6 мың жоғары өнімді егіс көшеңі, 70 мың тұқып секпіші, 141 мың топырақ өңдеу құралы бар. Биыл егіс науқанын уақытылы өрі сапалы жүргізу мақсатында шаруаларға құны нарықтан 15 пайыз төмен 402 мың тонна жанармай бөлінді.

2,3 млн тонна тұқым дайындалған

Сапалы өрі мол өнім алу үшін өгіннің күттімі жоғары болуы тиіс. Бірақ егін алдымен тұқым сапасы нашар болса, ала жаздай өткен еңбек еш көтеді. Сондықтан бұл жағына да айтарлықтай бас қатырған абзал Жауапты министрлік бұл бағытта да нақты мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда. Мәселен, соңғы уақытта елімізде шаруаларды сапалы тұқыммен қамтамасыз ету, оны себу жұмыстарына мониторинг күшейтілген. Қазір аймақтарда шаруаларда тұқым дайындау жұмыстары ойдағыдай жүзеге асып, оның көлемі 2,3 млн тонна тұқымның сапасына сараптама жүргізілген. Нәтиже де жоғары, яғни 1 және 2 дәрежелі себу жұмысына 99 пайыз жарамды. Ал жалпы өндірілген тұқымды толық тексеру алдағы айдың ортасында аяқталады.

Шаруаларды сапалы тұқыммен қамтуда да мемлекеттік қолдау ерекше маңызға ие. 15 ақпаннан бастап тұқымды субсидиялаудың оң тегігі өз күшіне енді. Бұл отандық тұқым өндірушілерді қолдауға негізделген.

Мұнан бөлек Президент тапсырмасы аясында отандық сұрыптарды сынаудан өткізуге де ерекше көңіл бөлінуде. Мәселен, былыр мемлекеттік сұрып сынау жүйесімен ел аумағында қолдануға отандық селекцияның 45 жаңа жоғары сұрып ұсынылған. Бұл көрсеткіштің соңғы 5 жылда 3 есе артықын аңғардық.

Енді елімізде майлы, дәнді бұршақты, азықтық нәм жармалық сияқты жоғары рентабельді дақылдардың сұрып шығаруға басымдық беріледі. Бұл ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарын өлі де өртараптан тандыруда ерекше маңызға ие.

Климаттың өзгеруіне байланысты сұрыпты сынау нақты болуы тиіс. Бұл жұмыстар климаттық жағдайларға тұқымды дұрыс таңдауға оң әсерін тигізу керек. Енді елімізде бұл жұмыстарды жаңғырту үшін шетелдік селекция сұрыптарын төлем негізінде енгізу ұсынылып отыр. Бұл бюджет түсетін жүйемізін азайтады. Бір жағынан мемлекеттік сұрып сынау ұжымдарының материалдық-техникалық базасын жаңартуға, сондай-ақ зерттеу сапасын арттыруға мүмкіндік бермек.

Тыңайтқыш енгізу жоспары 2,3 млн тоннаны құрайды

Биыл тыңайтқыш енгізу деңгейі ғылыми негізделген қажеттілік бойынша 58 пайызға жетті, яғни 1,8 млн тонна құрады. Биыл тыңайтқыш енгізу жоспары 2,3 млн тоннаны құрайды. Бүгінде 245 мың тоннаға келісім-шарт жасалған. Бұл жалпы тыңайтқыш көлемінің небәрі 10 пайызын құрайды. Осы ретте жұмысты күшейту керек.

Екі жыл бұрын енгізілген минералды тыңайтқыштарды субсидиялау отандық тыңайтқыштарды өндіру көлемін ұлғайтуға ықпал еткен. Ал былыр елдегі ірі қос зауыттың тыңайтқыш өндіру көлемі айтарлықтай артап. Мұны да мемлекеттің қаржылай қолдауымен байланыстыруға толық негіз бар.

Алдағы науқанды ойдағыдай аяқтау үшін қайтпек керек? Министрлік бұл сауалдың да түйінін тарқатқан. Енді жергілікті шаруалар сол жоспармен жұмыс жасауы тиіс. Мәселен, техниканың толық дайын болуын қамтамасыз ету күн тәртібінен тұспалы тиіс. Ал жергілікті өкімдіктер жанармайды уақытылы өрі ашық түрде бөлуді жүзеге асыруы тиіс. Сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін ескере отырып, бюджет шығындарын азайтуға көңіл бөлген дұрыс. Ол үшін тұқым сапасына сараптама шаруалар өз қаражаты есебінен жүргізу керек. Бұған дейін оған да мемлекет қаржылай қолдау көрсеткен. Енді бәрі басқаша болмақ.

Фермерлермен тыңайтқыш жеткізу бойынша келісім-шарт жасау жұмыстарын жандандыру да ерекше маңызға ие. Бүгінде нарық талаптарына, сондай-ақ климаттық ерекшеліктерге сай егіс алқаптарын өртараптан тандыруға мол берген дұрыс. Бұл өнім сапасына, вегетациялық кезеңде су тапшылығының алдын алуға оң әсер ететіні сөзсіз.

Су көпжылдық нормадан төмен

Аяқсу мәселесінің жыл сайын күрделеніп жатқанын көріп отырмыз. Тіпті егінді өртараптан тандыруға тәуелділіктің түпкі себебі осыған шреледі. Былыр та су тапшылығы шаруаларды қос бүйірден қысты. Қоймаларға түскен су, жауын-шашын жалпы ылғалдылық жағында да көңіл көшіптеді. Ал биылғы вегетациялық кезең қалға өтеді? Ол жағы алдағы уақыттың өңісінде. Бірақ «солдай екен» деп бейқам отыруға тағы болмайды. Бұл сауалдың

түйінін тарқатуға Су ресурстары және ирригация министрлігі былыр кірісіп кетті. Өткен жылдан бері министрлік 6 айға дейін болжам жасауға мүмкіндік беретін гидрологиялық моделді бейімдеу жұмыстарын жүргізуде.

Гидрологиялық моделдің есептеуінше, Сырдария мен Талас өзенінің бассейндерінде су мөлшері көпжылдық нормадан төмен болады. Оның ішінде Сырдария өзенінің жекелеген жанама салаларының учаскелерінде, Шу өзенінің бассейнінде ғана су мөлшері бұрынғы норма шеңберінде болжанып отыр. Іле өзенінің бассейніндегі су ағыны норма шеңберінде күтіледі. Ал жекелеген салаларының учаскелерінде су мөлшері көпжылдық нормадан жоғары болады-мыс.

Биыл су шаруашылығы жағдайы өткен жылғы құрғақтықтың әсерінен қалыптасып отыр. Модел деректеріне сүйенсек, бүгінде Сырдария, Шу, Талас және Іле өзендерінің бассейндерінде су ағыны қалыптасып отыр. Аймақта ылғал қоры біркелкі бөлінбеген. Негізгі ылғал қоры орта таулы аймақта қалыптасқан. Ал биік таулы аймақта оның көлемі көпжылдық нормадан төмен. Көктемнің басында ауа температурасы жоғарыласа, жауын-шашын көп түссе, су көлемі де артап. Бірақ жазда өздеріндегі ағын нормадан төмен болуы өбден мүмкін.

«Тоқтағұлдағы» су былырғыдан 1,5 млрд текше метр төмен

Биыл вегетациялық кезең оңтүстік өңірлерде, әсіресе «Арал-Сырдария», «Шу-Талас» бассейндерінде қиын жағдайда өтуі мүмкін. Бұған қоймалардағы су көлемінің жылдағында төмендеуі де басты себеп болып отыр. Мәселен, «Тоқтағұл» су қоймасындағы су көлемі 7 млрд 800 млн текше метрді құрайды. Бұл былырғыдан 1,5 млрд текше метрге төмен. Энергия тапшылығы жағдайында қойма күшейтілген режимде босатылуда. Осы ретте вегетация басында «Тоқтағұл» су қоймасы жинақтау режиміне көшіріледі деп күтілуде. Бірақ бұл Түркістан облысына қарасты Мақтарал мен Жетісай аудандарының қажеттіліктері үшін мемлекетаралық «Достық» каналы арқылы су жеткізуде кері әсерін тигізуі өбден мүмкін.

Осы ретте жауапты министрлік су алу лимитін қатаң сақтау қажеттігін қаперге салды. Әсіресе оның ішінде күріш егіс бойынша белгіленген лимиттерді ескере көрініп алға тартты. Тіпті Түркістан облысында «Достық» каналы бойында күріш егуді толық тоқтату керектігін ескертті. Сондай-ақ «Қызылқұм» каналы бойында 3,5 мың, өзіміздің Қызылорда облысында күріш көлемі 70 мың гектардан аспауы тиіс.

Қалыптасқан жағдайда ескере келе «Шардара» су қоймасы жинақтау режимінде ауыстырылды. Су беру режимдері келісілген деңгейде сақталған жағдайда қоймаға 8,3 млрд текше метр су келеді деп күтілуде. Бұл «Шардара» су қоймасын шамамен 5 млрд текше метрге толтыруға, «Көкса-райды» 2 млрд текше метр көлемінде жинақтауға, сондай-ақ Қызылорда облысына шамамен 1,3 млрд текше метр су жеткізуге мүмкіндік бермек.

Жамбылда да жағдай мез емес

«Шу-Талас» бассейніне келсек, «Киров» су қоймасының толмау қаупі бар, бұл қойма Жамбыл облысының ауысуы және суармалы сумен жабдықтаудың негізгі көзі саналады. Бүгінде ондағы судың көлемі небәрі 314 млн текше метрді құрап отыр. Бұл өткен жылғы деңгейден 1,5 есе төмен. Сәуір айына дейін қоймадағы су көлемі 410

млн текше метрге жетеді деп күтілуде. Су бөлу үлестерін ескерсек, бұл өліміз алуға небәрі 285 млн текше метр су үшін мүмкіндік береді. Ал ең төменгі қажеттілік 400 млн текше метрді құрайды.

Қазіргі таңда вегетациялық кезеңге дайындық шеңберінде су тарту каналдары мен гидротехникалық құрылыстарды жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Оңтүстік аймақтардағы су қоймаларын толтыру режимінде жұмыс істеуде. Биыл 18 ақпандық мәліметтерге сүйенсек, оңтүстік өңірлердегі қоймаларда 23,4 млрд текше метр су жиналған. Бұл көрсеткішті өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырсақ, 759 млн текше метрге кем. Былыр желтоқсанның басында бұл қоймаларда 17,7 млрд текше метр су жиналған. Мұны 2024 жылдың тиісті кезеңімен салыстырсақ, 2,3 млрд текше метрге кем. Қабылданған жедел шаралардың арқасында соңғы 2 айда жиналған су көлемі едәуір артқан. Нәтижесінде қосымша 1,5 млрд текше метр су өсімі пайда болды.

Биылға вегетациялық кезеңде ерекше алаңдауытн мәселе де жоқ емес. Мысалы, ішкі су көздері есебінен толатын су қоймаларының толу деңгейі. Тарқатып айтсақ, Түркістан облысында «Бөген» су қоймасында 278 млн текше метр су жиналған. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 46 млн текше метрге аз. «Бадам» су қоймасындағы жағдай да мез емес. Мәселен, бұл қойманың толу деңгейі өтеуір 32 млн текше метрді құрайды. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырсақ, 18 млн текше метрге кем. Мұндай жағдайлар Жамбыл облысындағы «Теріс-Ащыбулақ», «Қақпа-ақ», «Қарақоңыр», «Жартас» және «Бүркітті» су қоймаларында қалыптасып отыр. Былыр да бұл өңірлерде вегетациялық кезең күрделі өтті. Сондықтан қос аймақта суды көп қажет ететін егіс көлемін қысқарту қажет.

Былыр алдағы кезеңде төуекелдерді мейлінше азайтуда елдегі «Қазушар» филиалдары 1840 шақырым су каналдарын механикаландырылған тәсілмен тазартқан. Сондай-ақ 680 шақырым су тарту жүйелерін реконструкциялады. Мұнан бөлек 375 гидротехник құрылыстарды жөндеген. Соңғы 2 жылда тазалау көлемі айтарлықтай арты. Тіпті оның көлемі жылына 1,5 шақырымға көбейіп отыр.

Биыл 394 гидротехникалық құрылыс жөндеу, 2 200 шақырымнан астам каналды тазалау қоспарының отыр. Осы ретте министрлік былыр қаржылық лизинг аясында 578 арнайы техника мен басқа да келіктер сатып алды. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қажеттіліктерін өтеу үшін «Қазушар» филиалдары 181 су-тартиш пен агрегаттар дайындады. Сондай-ақ ең күрделі учаскелерге пайдаланылатын қосымша 92 су-тартиш насос сатып алу көзделуде.

Жыл сайын аяқсу мәселесінің күрделенгені кезіміз көріп отыр. Мұндайда қол қусырып қарап отыруға тағы болмайды. Демек, елдегі су қоймаларының жай-күйін бақылап, мүмкіндігінше жаңа қоймалар салуға күш салуымыз керек. Бұл ретте министрлік тиісті жұмыстар атқаруда. Мәселен, бүгінде Түркістандағы «Қарақоңыр» және «Бүйдейбек ата» су қоймаларының құрылысы қарқынды жүруде. Биыл қос қойманың құрылысы аяқталмақ. Бұл қосымша 69 млн текше метр су жинауға мүмкіндік береді.

Мұнан бөлек биыл тағы 3 су қоймасының құрылысы басталды. Сондай-ақ 2 су қоймасын реконструкциялау көзделген. Бір мезгілде оңтүстіктегі 5 облыста ұзындығы 986 шақырымды құрайтын 103 каналды реконструкциямен қамтитын 96 жоба өз жұмысын

бастады. Бірақ бөрібір егінді өртараптан тандыру, суды үнемдеу технологиясын қолдау қажеттігі туындап отыр.

Күріш алқабы 4 жылда 19 мың гектарға қысқарған

Биыл аймақта 185 800 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланған. Күріш көлемі өткен жылмен салыстырғанда 10 900 гектарға қысқарған. Соңғы төрт жылда күріш көлемі 19 мың гектарға қысқарып отыр.

Есесіне оның орнына егісті өртараптан тандыру мақсатында суды аз қажет ететін дақылдар егу көзделуде. Су ресурстарын тиімді пайдалану, шығынды азайту үшін үнемдеу технологиялары кеңінен енгізілуде. Былыр тамшылатып, жаңбырлатып суару әдісімен 8 100 гектар егін егілсе, биыл оның көлемін 16 700 гектарға жеткізді. Сонымен қатар 60 мың гектар күріш алқабы лазерлік тегістеуден өткізілген. Биыл бұл көрсеткіш 65 мың гектарға жеткізіледі.

Бүгінде шаруашылықтар тұқыммен 100 пайыз қамтылған. Қажетті 65 600 тонна тыңайтқыштың 18 500 тоннасы сатып алынған. Егін егуге қатысатын 3 975 ауыл шаруашылығы техникасы толық дайын. Энергетика министрлігі көктемгі егіске 10 100 тонна дизель бөлді. Ол шаруаларға көстеге сәйкес таратылды.

Ерте егілетін дақылдар наурыз айының бірінші онкүндігінде себілді. Күріш егіс сәуір айының үшінші онкүндігінде басталмақ.

Суды үнемдеуге басымдық берілді

Биыл Жалағаш ауданында 42 178 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Оның ішінде күріш 16800 гектарды құрайды. Мұнан бөлек 576 гектар бидай, 595 гектар мақсары, 50 гектар арпа 50, 5 гектар сулы, 152 гектар соя, 7 544 гектар дәндік жүгері, 371 гектар қант құмайы, жаңа 4 850 гектар жоңышқа егіліп, 8 150 гектар ескі жоңышқа күтімге алынады. Сондай-ақ 250 гектар картоп, 1 115 гектар көкөніс пен 1 300 гектар басқа да бақша дақылдары бар.

Көктемгі егін орналастыру жұмыстарына қажетті күріш, бидай, мақсары, арпа, сулы, соя, қант құмайы, жоңышқа тұқымдары бүгінде 80 пайыз дайын. Сондай-ақ егінді күтіп-баптауға қажетті 11 400 тн минералдық тыңайтқыштың бүгінде 38,6 пайызы, 21000 литр бөксидің 4 пайызы дайын. Егін орналастыру жұмыстарына 1 155 ауыл шаруашылығы техникасы қатысады. Бүгінде оның 83,7 пайызы егін орналастыру жұмыстарына дайын. Шаруашылық құрылымдары тарапынан егін орналастыру жұмыстарына қажетті 11 млрд 393,3 млн теңгенің бүгінде 3 млрд 255 млн теңгесі дайындалды.

Шаруашылықаралық каналдардан 18,3 мың текше метр тазарту жоспарланып, қазіргі таңда 4,5 мың текше метрі тазартылды. Ішкі шаруашылық каналдардан 165,3 мың текше метр тазарту жоспарланып, оның 62 мың текше метрі тазартылды. Шаруашылық каналдардан 4 гидротест жөндеу жоспарланған, жеке 25 пайызға орындалды. Ішкі шаруашылық каналдардан 75 гидротест жөндеу жоспарланған, бұл жеке 46,7 пайызға орындалып отыр. Сондай-ақ 35 насос қондырғысын жөндеу жоспарланып, 21 данасы жөндеді. 12 дана гидробекетті жөндеу, 8355 га ылғалдан суару жоспарлануда. Жоспарланған 15 450 гектар шабындық жерді суарудың қазіргі таңда 34,8 пайызы суарылды.

Көктемгі егін орналастыру жұмыстарына «ОсАгро» сайты арқылы 61 шарашылық құрылымынан 1941,7 тонна жеңілдетілген дизель жанармайына өтім берілді. Алдағы уақытта жеткізіп беруші операторларды таңдады.

Су үнемдеу және егіннің өнімділігін арттыру мақсатында 15 мың гектар инженерлік жүйелерді жерлерге лазерлік жер тегістеу жұмыстары жүргізілді. Тәжірибе көрсеткендей, инженерлік жүйелерді жерлерді лазерлік тегістеу күріш дақылғы егісінде суды үнемдеуде оң нәтижесін көрсетті. Сонымен қатар шаруашылықтар тарапынан 25 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен картоп, көкөніс, бақша дақылдары егіледі. «АА Агро Қызылорда» ЖШС Қараөткен ауылдық округінен жер ашып, биыл суды аз қажет ететін 7 мың гектар жерге жаңбырлатып суару әдісімен жүгері, тәжірибелік мақсатта 50 гектар жерге техникалық қарасарының 10 сұрпын егуді жоспарлап отыр. Биыл ауданда 7 544 гектар суармалы жерге жүгері егіледі.

Алдағы науқанға дайындықты бұгіннен бастаған дұрыс. Әсіресе аяқсуға қатысты министрліктің нұсқамасын негізге алған дұрыс. Сонда жаңа вегетациялық кезеңде жергілікті шаруалар мәселелерін бетпе-бет көлмейді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісө 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №434